

**«Қ.Жарылғасынов атындағы Жаңалық орта мектебі» КММ**  
**«Балдәурен» шағын орталығында**  
**2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы**  
**Жылдық есеп**

2023-2024 оқу жылында «Балдәурен» шағын орталығына 3 топқа 29 бала қабылданды ( 17-қыз 12-ұл ) Орталықта 18 (9-педагог,9-қызметші) адам еңбек етеді. Жас ерекшеліктеріне қарай топтарда оқу бағдарламасы бойынша жасалған оқу-тәрбие жоспарлары, перспективалық жоспарлар, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі әдістемелік бірлестікте қаралып, мектеп басшысымен бекітілді. Жоспар бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Ата-аналармен жұмыстар атқарылды. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру бойынша ертеңгілік жаттығуларын өткізіліп, топтардағы мәдени –гигиеналық дағдылардың қалыптастыру үшін кеңестер, балаларды сауықтыру бойынша жұмыстар және «Толағай» отбасылық сайыс (мамыр) «Ұйқыашар жаттығулары» (ақпан) тақырыбында (С.Сапашов), «Төрт түлік малдың бірі. Қой жануары» тақырыбында (қараша) ашық ҰОІӨ өткізілді (М.Сулейменова). Қатынас білім дағдысы «Ғажайып қалта» тақырыбында (наурыз) ашық ҰОІӨ өткізілді (Д.Секибаева). Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздіктің туы желбіресін» тақырыбында (желтоқсан) ашық ҰОІӨ өткізілді (Тәрбиеші Г.Алимсейтова)

1-қыркүйек Білім күнімен орай «Құтты болсын мереке» ертеңгілігі өткізілді. Күз мерекесіне арнап «Алтын күз » атты ертеңгілік (тәрбиешілер Қайырбаева А, Алимсейтова Г.), «Күз кереметі» атты ата-аналардың көмегімен көрме, Республика күніне арналған «Көк тудың желбірегені» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді . Балалардың бес білім беру дағдысы бойынша алғашқы білім деңгейлері тексеріліп, қорытындысы шығарылды. 5 білім беру дағдысы бойынша кесте бойынша әр топта ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз Қазақстаным» ертеңгілігі өткізілді (тәрбиеші Г.Алимсейтова). Жаңа жыл мерекесіне «Жарқыра жайна шыршамыз» шағын шырша мерекесі өткізілді (тәрбиешілер М.Айтказина, М.Аймуханбетова, А.Әсемханова) Балалардың аралық білім деңгейлері тексеріліп, қорытындысы шығарылды.

8-Наурыз аналар мерекесіне арналған «Анам, әжем және мен» атты ертеңгілік өткізілді (тәрбиеші А.Қайырбаева) . «Жаңа жылым - Наурызым» Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік өткізілді.

Халықтар достығы күніне орай «Достық көзі бірлікте» тақырыбында тәрбие жұмысы ұйымдастырылды. Тақпақтар айтылып, әр ұлттың билері биленді. «Қош бол, балабақшам» бүлдіршіндердің шағын орталықпен қоштасу ертеңгілігі өткізілді.

Аудандық «Үздік тәрбиеші -2023» сайысына тәрбиеші М.Сулейменова қатысып, 3 орын алып мақтау қағазымен марапатталды.

Тәрбиеші М.Айтказиноваға Тарбағатай ауданы бойынша «Үздік әдістемелік құралдар» сайысына қатысқаны үшін Сертификат берілді.

Тәрбиеші Ә.Қайырбаеваға Тарбағатай ауданы бойынша «Үздік әдістемелік құралдар» сайысына қатысқаны үшін Сертификат берілді. Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген «Барлығына рахмет» республикалық челленджіне 4 тәрбиеші М.Сулейменова, М.Айтказина, Г.Алимсейтова, Ә.Қайырбаева өздерінің тәрбиеленушілері мен атан-аналарын қатыстырып Алғыс хатпен марапатталды. «Мейірімді тәрбиеші 2024» эсселер жиынтығына 2 тәрбиеші Д.Секибаева М.Сулейменова өз эсселерін жариялады. «Педагогикалық шеберлік» эссе жазу номинациясы бойынша Д.Секибаева 3 дәрежелі, М.Сулейменова 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қашықтықтан өткен «КЕМЕЛ» өнер-білім орталығының ұйымдастырумен балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушылары арасында М.Жұмабайұлы өлеңін мәнерлеп оқудан республикалық байқаудан «Айгөлек» аралас тобының тәрбиеленушісі С.Данияр Ідәрежелі дипломмен марапатталды (тәрбиешісі Д.Секибаева). Данияр Сая «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері және мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Мұқағали оқулары» байқауна қатысып, мәнерлеп оқу бойынша үздік өнер көрсетіп І дәрежелі дипломмен марапатталды (тәрбиешісі Г.Алимсейтова).

«Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен қазақ халқы үш бәйтерегінің бірі, ақын, қоғам қайраткері І.Жансүгіровтың «Ілияс оқулары» атты онлайн байқауында бейнелеу бағыты бойынша Құмырбек Ералы, Аманқан Анеля, Ибрагимқызы Айлин, Қайрат Нариман қатысып 1 дәрежелі дипломдармен марапатталды. (тәрбиешісі Д.Секибаева)

«Bilim Qazagstan» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Менің сүйікті кейіпкерім» сурет сайысына С.Данияр қатысып 1 дәрежелі дипломмен марапатталды (тәрбиешісі М.Сулейменова)

Облыстық «Балапан» зияткерлік турниріне «Айгөлек» тобынан 10 тәрбиеленуші қатысып грамоталармен марапатталды. Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Әжем, анам және мен» облыстық байқауына тәрбиеленушіміз Құсайынава Айару анасы Индира, әжесі Бақшаратпен қатысып бейнеролигі әлеуметтік желіге жарияланды (тәрбиешісі Г.Алимсейтова). Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар облыстық байқауына Ғазизханова Шұғыла

Данияр Сая, Ахметбек Азамат, Ерболат Айкөркем, Еркебұланқызы Асылым Советхан Сезім, Құсайынова Айару, Рахманбай Рукая қатысып бейнеролигі инстаграмм желісіне жарияланды. (тәрбиешілер М.Сулейменова, Г.Алимсейтова)

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Барлығына рақмет» челленджіне Рахманбай Рукая Рашидқызы анасы: Такирова Құралай, Заманбеков Дарын Нұржанұлы анасы: Тоқтасынова Гүлнара, Қайрат Нариман Олжасұлы анасы: Сулейменова Айым қатысып бейнеролигі инстаграм желісіне жарияланды. Топтар бойынша бес білім беру салалары бойынша қорытынды білім деңгейлері тексеріліп, мониторинг жасалды.